



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange



KASE клиринг орталығы
Клиринговый центр KASE
KASE Clearing Centre

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

27 қыркүйек 2023 жыл

KASE қор нарығында клиринглік және есеп айырысу қызметін жүзеге асыруды "KASE клиринг орталығы" АҚ-ға берді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) клиринглік және есептік функцияларды, сондай-ақ орталық контрагенттің (бұдан әрі – ОК) функцияларын Биржаның 100 % еншілес үйімі – "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринглік орталық) беруді жүзеге асырды.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу инвесторлар үшін үйімдасқан нарықта операциялар жасау кезінде тартымды жағдайлар жасау, шетелдік инвесторларды тарту, үздік халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан мен өнірдегі өзге биржалық нарықтарда қызметтер көрсету үшін мүмкіндіктерді кенектуу, сондай-ақ инфрақұрылымдық үйімдардың тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

Клиринг функциялары мен есептесулерді беруге дайындық шенберінде Клиринглік орталық бағалы қағаздар нарығында клиринглік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алды, қажетті процестер енгізілді және нарық инфрақұрылымын құрайтын және оны пайдаланушылар болып табылатын қаржы үйімдарымен іскерлік қатынастар орнатылды.

25 қыркүйектен бастап Клиринглік орталықтың клиринглік қатысуышылары KASE "қор" санаты бойынша мүшелік ететін 42 қаржы үйімі болып табылады. Клиринглік қызмет көрсетуге 1500-ден астам қаржы құралдары қабылданды, оның ішінде KASE ресми тізіміндегі 253 әмитенттің 989 бағалы қағаздар шығарылымы.

ОК ретінде Клиринглік орталық қатысуышылардың тәуекелдерін тәмендетуді, мәмілелер бойынша есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді, кроссмаржалау және неттинг есебінен қатысуышылардың транзакциялық шығындарын қысқартуды қамтамасыз етуге арналған. ОК сервисі инвесторларға мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуда кепілдіктер беруге, тәуекелдерді басқаруды және нақты уақыт тәртіптемесінде құралдарды барабар бағалауды енгізуге мүмкіндік береді.

Естерізге сала кетейік, KASE өзінің барлық нарықтарында ОК-ті кезең-кезеңімен енгізді. Алдымен туынды құралдар нарығында 2012 жылы. Содан кейін Биржа 2018 жылы ОК валюта нарығында іске қости. 2019-2020 жылдары ОК қор және ақша нарықтарында да жұмыс істей бастады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өніріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Federatsiyaсының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Federatsiyaсының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

елдері биржаларының Халықаралық қауымдастырының (ТМД хаб) және басқа да халықаралық және отандық көсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE клирингілік орталығы" АҚ Биржаның еншілес үйімі – "eTrade.kz" ЖШС-ін қайта құру жолымен құрылды, 2022 жылдың 21 маусымында тіркелді. Клирингілік орталық Биржаның 2024 жылға дейінгі даму стратегиясының "Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту" бағытына сәйкес құрылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz